

АНА ТІЛІ

Ұрпақ Тағдыры

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Шығарма туралы шындық



Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Халықаралық «Әдеби Азия» байқауының лауреаты, жақында ғана «Құрмет» орденімен марапатталған жазушы Бақыт Меркенова «Адам тағдыры», «Ана махаббаты», «Өмір керуені», «Тағдыр», төрт томдық «Адамзат тағдыры», «Замандастар», «Құдай-ау, қайда сол жылдар!» кітаптарының авторы. Оның туындыларына әр жылдары халқымыздың белгілі жазушылары Сафуан Шаймерденов, Оралхан Бөкеев, Әзілхан Нұршайықов, сыншы Сағат Әшімбаев, ақын Мұхтар Шаханов, ұстазы Әбілфайыз Ыдырысов, Ілияс Жансүгіровтың ұлы Саят ағамыз назар аударып, жоғары бағалаған. Алғашқы кітабына ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов алғысөз жазып, ақ батасын берген.

Бақыттың шығармашылық жолды таңдауына Ә.Нұршайықовтың ерекше ықпалы болды. Әкесі, соғыс ардагері Қабылхан Меркенов Әзілхан Нұршайықовтың майдандас досы, өзара жақын араласатын адамы екен.

Бақыттың оқушы кезінен өлеңдері мен шағын әңгімелері аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жариялана бастады. Әкесі әділ де адал еді. Қазақстан телеарнасында үйдің кезегіне тұрғанын білетін ТВ басшылары Бақыттың әкесі соғыс ардагері екенін біліп, «Әкең келіп, «қызыммен бірге тұрам» деп өтініш жазсын. Сонда пәтерді кезексіз береміз», – деген. Бақыт әкесі Қабылханға айтқанда, ақсақал қатты ашуланыпты. «Балаларым кезексіз үй алсын деп соғысқан жоқпын. Кезегің келгенде аласың», – деп өтініш жазудан бас тартады.

Сөйтіп, Бақыт он жыл кезекте тұрып, әрең үй алған.

Көп балалы отбасында туып-өскен соң жазушының мінезі қарапайым да кішіпейіл. Әкесі бес ұл, бес қызының ішінде Бақытқа айрықша зор үміт артқан сыңайлы. Қызы тұрмыс құратын кезде болашақ күйеу баласына өтініш айтқан: «Мені тыңдасаң, Бақыт қызымның ата-тегін, фамилиясын өзгертпе, балам. Болашақ балаларыңның тегі өз атыңда болады, әрине», – деп Оңғар күйеу баласына өтініш айтқан. Бақыт қызының мықты қаламгер болатынына үміттенген әке тілегі бұл күндері ақталғандай.

Елгезек те сезімтал қыздың назарынан ештеңе де тыс қалмайтын. Үйдегілердің қандай да әңгімесі, бабалары кешкен қилы-қилы кезеңдері қалың ойға батырып, қиялына қанат бітіретін. Ата-бабалары Ойжайлау Лепсіде мыңғырған мал ұстаған байлар тұқымы Кеңес өкіметі тұсында кәмпескеге түскен. Атасы Мерекені ақ патшаның әскерлері қазақ ауылдарындағы бүкіл ер-азаматтармен қосып, қару кезеп, терең ор қаздырған. Сол орға Алакөл ауданы (бұрынғы Андреев ауданы) Тастұма бұлағының түбіне еңбектеген ер баладан бастап, еңкейген кәріге дейін бүкіл ер-азаматтарды пулеметпен баудай жусатып қырып салып, ауылдағы қыз-келіншектерді зорлап, қорлай бастаған. Сол кезде жеті жасар Қабылханды (Бақыттың әкесі) анасы тайқазанның астына жасырып үлгерген. Сөйтіп, бүкіл бір ауылда Қабылхан мен Ақжол, екі баланың ғана көретін жарығы таусылмай аман қалған. Әкесінің өз аузынан естіген осы қанды қырғынды Бақыт «Өмір керуені» романына арқау етіп, кітапқа айналдырды.

Университетті бітірген соң Алматыда жұмысқа орналасу үшін қалалық тіркеуге тұратын үй таппай жарты жыл сергелдеңге түсті. Әпкесі Гүлзаданың құрбысы Алматыда тұратын. Бірде әпкесі жеделхат арқылы құрбысының мекенжайын жазып жіберіпті. Сол мекенжай бойынша Бақыт іздеп барғанда, бейтаныс орыс отбасы қарсы алыпты. Бақыт әпкесінің жеделхатын көрсетіп, «әпкем сіздер тіркеуге тұрғызады дегесін келдім» деген. Олар таңғалып, «әпкең бізді танитын адам шығар, өйткені қалалық тіркеу бөлімінде істейтінімді біліп тұр. Бәлкім бұрын бізде пәтер жалдап тұрған болар. Жарайды, тіркеп берейін», – деп, қалалық тіркеуге тұрғызады. Ертеңіне әпкесі «құрбым саған прописка жасай алмаймын деді, ол жерге бармай-ақ қой» деп хабарласқан. «Орыс отбасының мекенжайын жіберіпсіз, кеше қалалық тіркеуге тұрдым» деген Бақытқа әпкесі таңғалған. Сөйтсе телеграмма жол бойы өзгеріп жеткен.

Бақыт осындай небір тосын жайт, іс-әрекет жағдайында психологиялық барлау арқылы кейіпкерін зерттейді. «Күдік» әңгімесінде бұл нәзік иіріммен жалғасады. Қойының арасында жалғыз қоңыр қозының жоқ екенін байқап, іздеп шыққан Батиха ауылға сыйлы Үлкен апаның «еңселі үйіне» жақындап, имене тіл қатқанда, «дағарадай ақ жаулығы көзге бірден шалынып, ірі денелі еңселі кемпір» жоғалған қозының

құлағының тілігі жаңа ғана қарақотырланып, сол аяғын сылтып басатынын, аздап ақсаңдайтынын, тіпті басындағы шөкімдей ғана ақ төбеліне дейін білетін боп шықты. Автормен қоса біз де қуанып, осында екен ғой, ендеше тұра берсін деп те үлгермейміз: «Әй, қатын, сен өзі күмілжуіңе қарағанда менен күдіктеніп тұрғаннан сауымысың?! Немене, байқамай қалатын су қараңғы соқыр деп пе едің?! Құдайға шүкір, жердің түбіндегіні көретін көзім бар, ол қай сасқаның, шырағым!? Немене, мен мына аппақ шашыммен, алпыстан асқан жасыммен, пайғамбар жасына келіп қартайғанда өтірік айтады деп пе едің?! Осы жасқа келгенше көлденең жатқан көк таяқты олжа көрген жан емеспін, біреудің ала жібін аттамаған адаммын, ал сен, не бықсытып тұрсың, менен күдіктеніп тұрсың ба, пәтшағар?!». Сонда қалай? Жағдайдың мәнісін ұққанға дейін кейіпкердің де, оқырманның да көкейіндегі күдік бір сәт те сейілмейді. Басынан соңына шейін диалогке құрылған әңгіменің күлкілі тұстары да жетерлік, жеңіл юмор, зілсіз сатира бар. Ең бастысы шынайы өмір бар, сондықтан да жеңіл оқылады.

«Менің күшігім Ақтөс және қызыл тракторым» – жасөспірімдердің мөп-мөлдір жан дүниесін тұма бұлақтың сылдырындай жайып салады.

«Сүйкімді күшіктің емес, бүкіл әлемнің билеушісіндей маңғазданатын» Ерухан балақайдың балдай тәтті бейнесі өзі құралпы достарымен қарым-қатынасында, апасы екеуінің арасындағы өкпе, назында жан-жақты ашылады. Автор балалардың тілін, психологиясын жақсы біледі, қандай да әрекет, қылықтары нанымды, титтей жасандылық жоқ.

Апасының «алыс түкпірдегі шағын ауылдан» қонаққа келген туыстары, өзімен жасты Сейіттің алғаш келгенде күшігін, кейін қып-қызыл ойыншық тракторын бұның рұқсатынсыз алып кеткені әңгіменің мазмұнын құрайды. Мазмұнымен қатар Еруханның балаң жасына сай өзгерістер, арман, қиялы, мұңы, өкініші сондай бір сүйкімділік ұялатып, Шерхан досының мінез, қылықтарына дейін жаныңды жадыратады.

«Күмістің әңгімесі» – анасынан он жасында айырылғаннан былайғы тірлігінің азапқа толы тағдырынан сыр шертеді. Неткен безбүйректік: «Әй, қу жетім! Шелекті даңғырлатпа, менің қыздарымның ұйқысын бұзасың, жайлап құй! Әй, қу жетім, самаурын қой, балалар оянды, дастарқан жайып шай қой. ...Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, топ-толық тығыршықтай қараторы қыз үш жылдың ішінде ап-арық қатқан қара қыз болдым. Үй жұмысынан бас көтермейтін болғандықтан, оқу үлгерімім де нашарлап кетті. Менің осы қиын жағдайымды анамның бұрынғы досы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Марпия апай байқап жүрген». Небір қиындықтан осы кісі құтқарады. Күмістің «енді ғана бақытты отбасы болдық» дегенін естіп, оған деген құрметі арта түскен автордың: «Алла ауыр сынақты сүйген құлына ғана береді, сен Жаратқанның сүйген құлысың», – деп Күмістің ашық-жарқын жүзіне қызыға қарағанындай», оқырман да оптимистік сезімге бөленеді.

Бақыт Мерекенова әңгімелерінің тақырып аясы кең екенін «Ең соңғы

қоштасудан» да аңғарамыз. «Жазылмайтын ауруға шалдыққан» алпыс төрт жастағы «Анардың жаны нұр сәуленің арасында тоқтаусыз ұшып бара» жатқанына дейінгі кешкен арпалыс сәттері ешкімді бейжай қалдырмайды, мұңға батырып, тәубеге келтіреді, өмірдің ащы шындығымен беттестіреді.

Соңғы курста оқып, диплом қорғауға дайындалып жүрген, күйеуінен ажырасқан, емшектегі сәбиі бар, «Жасанды махаббаттағы» Сара кешкен жағдай талай қыз, келіншекке таныс шығар. Әйелі қайтыс болған, алпысқа жақындаған профессор, жетекшісі Ринат Байболатовтың ой, өресі әңгіменің ең соңында ғана белгілі болады. Әңгіменің шарықтау шегі: «...Сәлден соң көлдей орамал жабылып, Сараның төсегіне жақындады. Алдымен басындағы паригін шешті, шашының ортасы таз екен. Сара көрпеден сығалап көріп, шошып кетті. Сонан соң алмалы-салмалы тістерін алып, стақандағы суға салып, Сараның жанындағы төсекке жақындады. Сара улы жылан жақындағандай орнынан атып тұрды». Кемсеңдеген тіссіз кемиегі, тақыр басының әр жеріндегі селеу шаштары қандай біртүрлі еді, жә, бұл де ештеңе емес, кешірім сұрап, Сара түн ортасында жатақханасына кетті, душтан жаңа шыққанын сылтауратып, шығарып сала алмайтынын айтып қала берген жетекшісі. Дипломын қорғау кезінде «басқалар құптағанмен, Ринат ағайы қарсы болып, жұмысын қабылдамай тастады. Сыртқа жылап шыққан Сара құрбысы Әлияға қыстыға сыбырлады. – Мен сені күйем, сүйем дегенінің бәрі өтірік. Жасанды тіс, жасанды парик сияқты бұл кісінің маған деген махаббаты да жасанды махаббат!». Мойындамасқа шара жоқ, еркектік өресінің жеткен жері...

Тілі жатық, оқиғалары тартымды, оқырманын тәнті етіп, бірден баурап алатын кітаптағы әңгімелерінің басым көпшілігі диалогқа құрылған. Оқиға желісін шымыр да шебер дамыту мен көркемдік көкжиегін кеңейтіп тұрған да осы диалогтар. Репликаларының алмасуы кейде автордың ойымен үндесіп, түрлі сезім, көңіл күй сәттерін табиғи да нанымды жеткізуіне, кейіпкерлерінің бір-бірін ұғынуына ықпал етеді. Бақыт Мерекенова жоқтан бар жасауға тырыспайды, адам баласына тән қарапайым жәйттерді қазақтың қоңыр әуеніндегі биіктетіп, өзінің қаламгерлік деңгейінде шырқап келеді.

**Мағира Қожахметова,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері**